

Ж.Ташенов атындағы жалпы орта мектебі

## Сыныптан тыс сабак

Тақырыбы: *Тәуелсіздік үрпақтары*

Сыныбы: 6-10-11

Пән мұғалімі : С.Уразбаева

## **Тәуелсіздік ұрпақтары** атты сыныптан тыс сабак

Мақсаты:

Окушылардың Тәуелсіз еліміздің тарихын білуге деген қызығушылықтарын арттыру, ой - ерісін іс - жүзінде шындау, есте сақтау, сөйлеу мәнерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Тәуелсіз еліміздің шынайы патриоты болуға, өз Отандарын сүюге, күрмет тұтуға тәрбиелеу.

Бір - бірімен достық, ынтымақтастықта болуға баулу.

Сабак барысы:

- Қадірлі ұстаздар, әділқазылар және окушылар!

6-10-11 сыныбы окушылары арасында өткелі отырған «Тәуелсіздік ұрпақтары » атты интеллектуалдық сайысқа қош келдіңіздер!

Гүлзада жүргізуши: Жер бетінде адам өмір өткізер,

Бар нәрсеге біліммен қол жеткізер.

Бар ізгілік тек білімнен алынар,

Білімменен аспанға жол салынар. – деген Жұсіп Баласағұн.

Қазір біз, балалар, осы уақытқа дейін алған білімімізді көрсетіп, өнерімізді, білімімізді саралап, санамыздың өскенін, сөз байлығымыздың молайғанын көрсетейік.

*Бағлан жүргізуши*

Сәлемдесу – игі дәстүр киелі,

Сөзбен қарап, кейде шешер шиені.

Жақсы сөзге жан семірер қашанда

Жолданады сайыскерлер сәлемі.

Сонымен, сайысқа қатысуышылар өз сәлемдерін жолдайды:

I топ: 11 сынып окушыларынан құралған топты шақырамыз.(11сынып окушылары өз тобын таныстырады )

II топ: 10сынып окушыларынан құралған топты шақырамыз (10 сынып окушылары өз тобын таныстырады )

Гүлзада жүргізуши: «Біреу озса сайыста, біреу артта қалады

Ренжімей тараса, озбағандар жарады.

Жарыс заны ежелден – жеңімпазды анықтау,

Озат болу шарты сол – еңбектену, жалықпау.» - дей келе сайысымыздың

кезендерін таныстырып өтейік.

Бағлан жүргізуші:

Бұгінгі іс-шарамыздың жоспарымен таныстырайын:

I. Бәйге.

II. Тәуелсіздікке арнау (презентация қорғау - 7 минут)

III. Тәуелсіздікке тарту (көрініс қою- 10 минут)

Енді сайысымызды бағалау үшін құрылған әділқазылар алқасымен таныстырып өтейік.

I жүргізуши: «Бәйгеге түсіп жарыспай,  
Жүйріктің бағы жанар ма?  
Білім мен өнер жарысып,  
Тәрбие білім табар мән.  
Бұл бәйге, ойдың бәйгесі,  
Кім жүйрік ойға, сол алда» -  
«Бәйге» кезеңінің шарты.

Әр топқа сұрақтар таратылады

Командалар сұрақтың шешуін тапқанша бсыныптың Тәуелсіздікке арнауын қабыл алыңыздар

Бағлан жүргізуші : Кезекті келесі кезеңге берейік.

II-кезең Тәуелсіздікке арнау –деп аталады .Әр топтан бір оқушы презентация қорғайды.

11сыныптан құрылған топтың мүшесі Сейдікәрім Гүлзаданың еңбегін тамашалайық.

Ал енді, 10 сыныптан құрылған топтың мүшесі Дархан Ләzzатпен Мәмбетәлі Аружанның еңбегін тамашалайық.

Гүлзада жүргізуші : Ал ендігі кезекті Тәуелсіздікке тарту –деп аталады.

Оқушыларымыздың өнерін тамашалайық , кезекті 11сыныптың орындауындағы көрініске берейік.

Ендігі кезекті 10 сыныптың орындауындағы көрініске берейік.

Бағлан жүргізуші : Кезекті келесі IV кезеңге берейік , Кім тапқыр –деп аталады

«Көңілді, тапқырлар, білгіштер  
Бар өнерін алдарыңа салады.  
Кім білімді, көп оқыған болса, егер  
Бүгінгі күн жеңімпазы болады.» - деп келесі кезеңді бастаймыз.  
Бұл кезеңде топ жетекшілері сайысқа түседі..  
**Тәуелсіздік** сөзінен жаңа сөздер жасау керек. 2 топтың жетекшілері кезекпен  
оқиды. Кім көп сөз құраса, сол оқушының тобына 10 ұпай қосылады.

Гүлзада жүргізуші:  
Болашақтың іргесін қалайтын,  
Қазақстанның мерейін көтеретін азамат пен азаматшалар сендерсіндер.  
Еліміз сендердің болашақтарынан зор үміт күтеді. Тек биіктен көрінулеріңе  
тілекеспіз.  
Сонғы кезеңнің ұпай санын және жалпы қорытындыны хабарлау үшін сөз  
кезегін әділқазыларға береміз.  
Әділқазылар шешімін шығарғанша концерттік номер.

Ән : Қазақстан

Жүргізушілер :

Білімділік пен ізгілікті бойымызға дарыта берейік.

Сендерге әрдайым биік белестер тілейміз!